

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-та
интернационализация стратегиясының іске асырылуы» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«02» наурыз 2026 ж.

Ғылыми кеңес отырысында «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-та интернационализация стратегиясының іске асырылуы» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-тың 2021-2025 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы 2022 жылы қабылданған. Университет шетелдік университеттер және ғылыми орталықтармен 86 келісімге қол қойған. 2025-2026 оқу жылында ағылшын тілінде білім беретін бағдарламалар саны – 9.

2025 жылы Италияның Марке политехникалық университеті филиалының кампусы ашылды. Шетелдік университеттермен 3 қос дипломды және 5 бірлескен білім беру бағдарламалары әзірленген. Университетте 17 шетелдік студент білім алуда.

Ағымдағы оқу жылында шетелден университетке республикалық бюджет қаражаты есебінен 10 ғалым, университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен – 13 ғалым тартылды. ПОҚ алмасуы бойынша 3 адам тартылды. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы бағдарламасы аясында республикалық бюджет есебінен 10, университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен 38 студент шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға жіберілді.

2025 жылы 6 халықаралық бағдарлама, оның ішінде Еуропалық комиссияның HORIZON бағдарламасы қаржыландыратын 2 халықаралық ғылыми бағдарлама жүзеге асырылды.

Болашақ «500 ғалым» бағдарламасы аясында 5 ғалым шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-та интернационалдандыру стратегиясының іске асырылуы» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-тың 2026-2029 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы дайындалып, бекітілсін (**жауапты:** Халықаралық ынтымақтастық орталығы, Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасы; **орындалу мерзімі:** 16.03.2026 ж.).

2. Халықаралық ынтымақтастық географиясын кеңейту мақсатында Азияның кемінде 3 университетімен келісім жасалсын, келісім жасалған университеттердің кем дегенде 50%-мен бірлескен жұмыстар жүргізілсін (**жауапты:** Халықаралық ынтымақтастық орталығы, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы бойы).

3. Қос дипломды білім беру бағдарламалары мен бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша жыл сайын білім алушыларды қабылдау қамтамасыз етілсін, филиал аясындағы білім беру бағдарламаларының саны арттырылсын (**жауаптылар:** Халықаралық ынтымақтастық орталығы, Құқық және экономика факультетінің деканы, Физика және математика факультетінің деканы, Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы; **орындалу мерзімі:** 01.06.2026ж.).

4. Студенттер арасында ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына құжаттарды рәсімдеу процесі цифрландырылсын (Smart Zhetyusu жүйесіне жеке модуль енгізілсін) (**жауаптылар:** Халықаралық ынтымақтастық орталығы, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі, факультет декандары, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент; **орындалу мерзімі:** 01.09.2026 ж.).

5. Шетелдік студенттерді тарту бойынша маркетингтік стратегия күшейтілсін, халықаралық білім беру көрмелеріне қатысу, шетелдік агенттіктермен жұмыс істеу ісі жетілдірілсін (**жауаптылар:** Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Халықаралық ынтымақтастық орталығы, Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы, Байланыс және имидждік саясат орталығы; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы бойы).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор А. Бахтауловаға жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Педагогика және психология факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру
аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«02» наурыз 2026 ж.

Ғылыми кеңесте педагогика және психология факультетінің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2024-2025 жылдардағы көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырым жасалды:

- есептік кезеңде факультетте докторанттардың докторлық диссертация қорғау санының, нәтижесінде профессор-оқытушылар құрамының сапалық көрсеткіштерінің артқандығын байқауға болады;

- 1-стратегиялық бағыттың «Экономика үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау» - «Білікті мамандарды даярлау», «Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету» міндеттері орындалған;

- 2-стратегиялық бағыттың «Нәтижелі ғылым» - «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту», «Ғылыми зерттеулерді ресурстармен қамтамасыз ету» міндеттері тұрақты;

- 3-стратегиялық бағыттың «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің инфрақұрылымы мен менеджментін жетілдіру» - «Кадрлық менеджмент және біліктілікті арттыру» міндеттері толық орындалған;

- Даму бағдарламасының «Әлемдік тенденциялар контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту» (1, 2, 7 тармақ), «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту» (4, 5, 7, 8, 9, 10 тармақ) міндеттері бойынша жұмысты жетілдіруді қажет.

«Педагогика және психология факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» ББ бойынша бакалавриат, магистратура деңгейінде білім алушылар санын арттыру бағытында мектептер мен колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілсін (**жауаптылар:** ППФ деканы, Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері кафедрасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

2. ПОҚ-тың Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингті басылымдардағы жарияланымдар саны арттырылсын (**жауаптылар:** ППФ деканы, кафедра меңгерушілері, деканның ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары; **орындалу мерзімі:** 01.12.2026 ж.).

3. «Арнайы педагогика» ББ бойынша қосдипломды білім беру бағдарламасын ашу және шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамыту бойынша нақты ұсыныстар әзірленсін (**жауаптылар:** ППФ деканы, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.06.2026 ж.).

